

## Баспасөз-Релизі

### «Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті» сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелері туралы ақпарат.

Аудиттің қорытындысы бойынша жалпы бұзушылықтар сомасы **45 107 150,5** мың теңгені құрайтын *(өтеуге, қалпына келтіруге жататын қаржылық, тиімсіз жоспарлау мен тиімсіз пайдалану бойынша)* бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **14 810 806,3** мың теңгеге *(қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі 14 659 363,2 мың теңге, өтелуге жататын қаржы көлемі 151 443,1 мың теңге)*;

- тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **30 116 681,0** мың теңгеге ;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **179 663,2** мың теңгеге;

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында қаржылық бұзушылықтар бойынша барлығы қалпына келтіруге жататын **14 659 363,2** мың теңгенің **14 488 261,8** мың теңгесі қалпына келтіріліп, өтелуге жататын **151 443,1** мың теңгенің **55 238,4** мың теңгесі *(оның ішінде бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша 55 238,4 мың теңге)* өтелген.

Сондай-ақ, **110** бірлікті құрайтын **рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар** орын алған.

Мемлекеттік аудиттің нәтижесімен Тексеру комиссиясы тарапынан 27 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар уәкілетті органға жолданып, нәтижесінде 8174,3 мың теңге айыппұл салынды. Сондай-ақ, 23 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шаралар қолданылған.

Аудит барысында заңнама талаптарын сақтамау, бухгалтерлік есепті дұрыс емес жүргізу және қаржылық есептілікті бұрмалау, бюджеттік өтінімдерде қамтылған есептеулерге ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы, бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін әзірлемеу немесе сапасыз әзірлеу бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану бойынша проблемалар мен кемшіліктер анықталды.

Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын дұрыс қолданбауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Отырыс қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының қаулысы қабылданып, аудит объектілеріне тиісті тапсырмалар берілді.